



ШЕШІМ

30.06.2023

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 41/5-VIII

№

город Астана

**Астана қаласы мәслихатының
сегізінші сайланымы бесінші
сессиясының күн тәртібі туралы**

1. Астана қаласының тұрғындарына көліктік қызмет көрсету жөніндегі шаралар кешенін іске асыру туралы.

2. «Нұр-Сұлтан қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 24 қарашадағы № 104/15-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

3. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 27 маусымдағы №395/52-VI «Нұр-Сұлтан қаласы бойынша қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

4. «Астана қаласында тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 16 шілдедегі №66/9-VI шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

5. «Нұр-Сұлтан қаласының құрметті азаматы» атағын беру Қағидасы туралы» Астана қаласы мәслихатының 2009 жылғы 6 қарашадағы № 257/39-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

6. «Нұр-Сұлтан қаласының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережені бекіту туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 24 қарашадағы № 110/15-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

7. Астана қаласы әкімдігінің жанындағы Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның құрамы туралы.

8. Астана қаласы әкімдігінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның құрамы туралы.

9. Астана қаласының аумағында бөлшек салықтың мөлшерін төмендету туралы.

10. Астана қаласы әкімдігінің жанындағы кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің құрамы туралы.

11. Қылмыстық жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын атқаратын мекемелердің қызметіне жәрдемдесу жөніндегі, сондай-ақ қылмыстық жазасын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі кеңестің құрамы туралы.

12. Астана қаласына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру жөніндегі комиссиясының құрамы туралы.

13. Астана қаласы мәслихатының кезекті сессиясының қарауына енгізілетін негізгі мәселе туралы.

**Астана қаласы
мәслихатының төрағасы**



Е. Каналимов